

# QAZAQ



# YUNIVERSITETI

№24 (1775)  
10 қараша  
2020 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU\_FARABI

## ЦЕЛЬ – ТОП-100 ЛУЧШИХ ВУЗОВ МИРА

В КазНУ им. аль-Фараби на заседании Ученого Совета широко обсудили новую программу стратегического развития университета до 2025 года в условиях перехода в некоммерческое акционерное общество со стопроцентным участием государства в уставном капитале. Стратегическая цель программы – трансформация КазНУ в исследовательский университет и вхождение в глобальном рейтинге в топ-100 лучших вузов мира.



В ведущем университете страны стратегия развития на ближайшие пять лет бурно обсуждается в коллективе с привлечением экспертов. Как отметил на заседании ректор КазНУ Галым Мутанов, повышение глобальной конкурентоспособности требует новых концептуальных подходов во всей многогранной деятельности университета. В этой связи должны быть в полной мере использованы преимущества формы некоммерческого акционерного общества как субъекта рыночной экономики. Свобода формирования траекторий образовательных программ, управления имуществом и финансовыми активами открывает новые возможности в развитии университета в условиях глобализирующегося рынка и высокой конкуренции.

В стратегическом плане предусмотрена диверсификация образовательных услуг за счет внедрения новых образовательных технологий, основанных на применении передовых IT-технологий и расширении целевых групп получателей услуг, включая инклюзивное образование. Подготовка конкурентоспособных на международном рынке труда, квалифицированных специалистов с высоким уровнем компетенций остается приоритетным направлением деятельности вуза. Новый импульс получит расширение академической мобильности и программа двойных дипломов с ведущими университетами мира.

Также определены ключевые составляющие цифровизации вуза – это внедрение облачных технологий в автоматизацию деятельности, smart-технологий и Big Data в управление инфраструктурой кампуса, а также развитие аутсорсинга IT-услуг. Работа научно-образовательных центров высокотехнологичных компаний мирового уровня, действующих в КазНУ, будет нацелена не только на подготовку специалистов, но и на разработку совместных продуктов и их коммерциализацию.

Большая работа в рамках стратегии развития предстоит по дальнейшей интернационализации образования и открытию филиалов университета за рубежом на базе уже действующих в 12 странах мира и новых научно-образовательных центров аль-Фараби. Это позволит расширить экспорт образовательных услуг, а центры аль-Фараби, как инструмент «мягкой силы», будут способствовать усилению культурного влияния и продвижению интересов страны Казахстан в мире. Также будет уделено внимание созданию благоприятных условий для привлечения ведущих зарубежных ученых в исследовательскую деятельность вуза, а также увеличению числа иностранных обучающихся до 25%.

Важным разделом программы является комплекс мер по созданию университетского кампуса мирового уровня, привлечению инвестиций, в том числе иностранных, в развитие инновационной инфраструктуры.

Продолжение на 2 стр.

## «БЕЙБИТ ӨМІРГЕ АРНАЛҒАН САНА»

Біріккен Ұлттар Ұйымы күні қарсаңында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Әл-Фарабидің 1150 жылдығына, БҰҰ-ның 75 жылдығына, БҰҰ Өркениеттер альянсының 15 жылдығына және БҰҰ «Академиялық ықпал» бағдарламасының 10 жылдығына арналған ғаламдық конференция өткізді. Конференция Бас хатшы Антонио Гутерриштің БҰҰ-ның 75 жылдығына орай әлемдік қоғамдастыққа арнаған бейнеүндеуімен ашылды.



Онлайн конференцияда БҰҰ Бас хатшысының орынбасары Фабрицио Хохшильд-Драммонд, БҰҰ Бас хатшысының орынбасары – Өркениеттер Альянсының жоғары өкілі Мигель Анхель Морратинос, тұрақты даму бойынша БҰҰ «Академиялық ықпал» бағдарламасының жетекшісі Раму Дамодаран, ҚР Сыртқы істер вице-министрі Ержан Ашықбаев, ҚазҰУ ректоры академик Галым Мутанов, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан бойынша ЮНЕСКО-ның Алматыдағы кластерлік бюросының директоры Криста Пиккат, сонымен қатар БҰҰ-ның Жаһандық коммуникациялар департаментінің Қазақстандағы өкілі Властимил Самек, Түркиядағы Өркениеттер Альянсының үйлестірушісі Бекир Карлыга, Кастилья-Ла-Манча университетінің (Испания), Афинаның Каподистрия атындағы ұлттық университеті (Греция) және әлемдегі басқа университеттердің өкілдері сөз сөйледі.

Өз тілшімізден

## ДИПЛОМЫ AL-FARABI BUSINESS SCHOOL

В стенах Казахского национального университета имени аль-Фараби состоялось первое вручение дипломов Al-Farabi Business School. Выпускникам, окончившим программу MBA, была присвоена степень магистра делового администрирования.

На торжественной церемонии выступили проректор КазНУ Аскар Хикметов и директор Al-Farabi Business School Мухтар Болатхан, которые вручили дипломы и пожелали выпускникам успехов в работе и дальнейшего карьерного роста в сфере управления.

Продолжение на 2 стр.

«ЕКІНШІ ҰСТАЗДЫҒ» ОРАЛУЫ



3-бет

ПОКОРЯЕМ БЛИЖНИЙ КОСМОС



6-стр.

АКАДЕМИЧЕСКАЯ МОБИЛЬНОСТЬ В ДЕЙСТВИИ



8-стр.



Продолжение. Начало на 1 стр.

## ДИПЛОМЫ AL-FARABI BUSINESS SCHOOL



Также магистров делового администрирования поздравила декан факультета медицины и здравоохранения КазНУ Жанна Калматаева, которая отметила, что не смотря на пандемию COVID-19 и новые условия дистанционного обучения они успешно прошли программу и защитили диссертационные работы.

«Я хочу выразить благодарность руководству КазНУ и Al-Farabi Business

School за прекрасную организацию учебного процесса. Обучаясь по программе MBA мы получили не только новые знания, но и практические навыки, а также возможность раскрыть свои компетенции необходимые в сфере управления.

Убедена, что это мне пригодятся в дальнейшей деятельности», - поделилась своими впечатлениями выпускница программы MBA в здравоохранении

Салиха Насиоглақызы.

В ходе неформального общения в адрес руководства университета и бизнес-школы прозвучало много теплых слов выпускников.

Al-Farabi Business School открыта в КазНУ в 2019 году и специализируется на программах делового администрирования MBA, EMBA и DBA.

**Соб. корр.**

### РЕКТОРАТ

## ЦЕЛЬ – ТОП-100 ЛУЧШИХ ВУЗОВ МИРА

Продолжение. Начало на 1 стр.

В рамках реализации третьей очереди развития КазГУграда предполагается 50%-ое увеличение общей площади всех зданий и сооружений вуза. Будут введены в эксплуатацию новое общежитие повышенной комфортности на 1250 мест, медиа-центр, здания социального и учебно-производственного назначения.

В рамках трансформации КазНУ в исследовательский университет мирового класса стоит важная задача интеграции образования, науки и производства и внедрения результатов научных разработок в реальный сектор экономики. В этой связи будет реализован масштабный проект по созданию научно-технологической долины аль-Фараби, призванной стать новой эффективной моделью управления наукой и инновациями, точкой роста инновационной экономики страны. Данный проект получил одобрение Елбасы Н.Назарбаева и поддержан Президентом страны К.Токаевым.

Первым шагом станет запуск на территории кампуса КазНУ международного IT-кластера «Альянс университетов Нового Шелкового пути», объединяющего более 150 ведущих вузов мира. Его ядром будет суперкомпьютер, который войдет в топ-500 в мире по производительности.

Одной из важных составляющих НТД станет медико-биологический кластер. На основе государственно-частного партнерства планируется построить современную поликлинику на 800 койко-мест и исследовательскую лабораторию. Совместно с ведущими зарубежными университетами и клиниками-партнерами будет осуществляться подготовка высококвалифицированных медицинских кадров, реализация исследовательских проектов, трансферт медицинских технологий и внедрение инноваций. Кроме того, в НТД будет развиваться инновационный кластер,



который объединит такие научные направления, как: нанотехнологии и новые материалы, ядерные, космические и телекоммуникационные технологии, робототехника, междисциплинарные гуманитарные исследования.

Наряду с развитием высокотехнологичной составляющей университета программа предусматривает усиление духовно-нравственной платформы, нацеленной на формирование конкурентоспособных специалистов как патриотов страны и граждан мира на основе высоких общечеловеческих духовно-нравственных ценностей. Работа в этом направлении будет строиться на основе модели развития вуза нового поколения «Университет 4.0», которую КазНУ представил в штаб-квартире ООН в Нью-Йорке, и рекомендована для широкого распространения на международном уровне. В КазНУ продолжают реализацию проектов по укреплению гуманистических ценностей, патриотизма, гражданственности и

лидерства молодежи в условиях глобального мира. Практика социальной ответственности университета будет расширена и ориентирована на цели устойчивого развития.

Формированию стратегии развития университета придается большое значение, в этом открытом процессе, проявляя корпоративный дух и единство, принимают активное участие преподаватели, ученые, сотрудники и студенты, которые вносят свои предложения. КазНУ им. аль-Фараби нацелен стать драйвером социально-экономической и духовной модернизации страны и войти в топ-100 лучших вузов мира. Есть четкое понимание, что новая стратегия и переход в НАО требуют пересмотра миссии вуза и подходов в деятельности, без этого не достичь качественного роста и повышения конкурентоспособности.

**Соб. корр.**

### KAZNU.KZ

**Ал-Фараби атындағы ҚазҰҰ оқытышлары мен ғылымдары Алтай мемлекеттік университетінде өткен түркі-моңғол әлемінің этносаиасы простері бойынша сараптамалық сессияға қатысты.**

«Үлкен Алтайдың» түркі-моңғол әлемі: тарих пен қазіргі замандағы бірлік пен сан алындық» жобасын іске асырып шеңберінде Алтай мемлекеттік университетінде «Үлкен Алтайдың түркі-моңғол әлеміндегі саиасы-қуқықтық жүелер мен этносаиасы простерге тарихи ретоспективіде және қазіргі кезеңде кешенді талдау» сараптамалық-талдау сессиясы өтті.

Сессияға ірі ғылыми және білім бері орталықтарының жетекші мамандары: қуқытаньшылар, қуқық тарихшылары мен түркітаньшылар қатысты. Сараптамалық сессияның қатысышылары түркі және моңғол халықтарын зерттеу бойынша өз тәжірибелерімен бөлісіп, «Үлкен Алтай» аясындағы бірлескен ғылыми және білім бері жобалары бойынша қуңды усуньстарын ақты.

Заң ғылымдарының докторы, профессор, ал-Фараби атындағы ҚазҰҰ-дың мемлекет және қуқық теориясы және тарихы, конститүсиялық және әкімшілік қуқығы кафедрасының меңгерішисі Ұсеінова Гүлнара баямта институтын қазактардың дәстүрлі қоғамындағы ролін қарастырды.

Заң ғылымдарының докторы, Қазак Ұлттық Аграрлық Ұниверситетінің (ҚазҰАҰ), профессоры Аяйпова Заыре көшпелі өркеніет заңдарының жинағы ретінде Жеті жарғыға талдау жасады.

\*\*\*

**Ал-Фараби атындағы Қазак ұлттық ынверситеті және спорт мамандықтары Орталығы, Сіздерді 13-15 қарашада аралығында өтетін "Спортшыларды медико-биологиялық сүемелдеу мен оналтыдың өзекті мәселелері" атты II халықаралық ғылыми-практикалық онлаи-конференцияға шақырады.**

Конференсия бағдарламасында спортшыларды медико-биологиялық сүемелдеу мен оналтыдың өзекті мәселелерін талқылау, ТМД және еуропа елдерінің үздік спикерлерінің спорттағы кардиология, психология, тамақтану және т.б. тақырыптардағы баиандамалары қамтылған.

Сертификатсыз конференсияға қатысы тегін өткізіледі. Қатысышылар өз қалаы бойынша ал-Фараби атындағы ҚазҰҰ-дың халықаралық ұлгідегі сертификатын ала алады.

\*\*\*

**Қазакстанда алғаш рет ал-Фараби атындағы ҚазҰҰ-ға қарасты Huawei инфокөммүникасиялық технологиялар академиясы Huawei ICT Solutions Kazakhstan компаниясымен жас таланттар мен болашақ IT-индустриясын жетекшілерін қолдауға бағытталған байқау өткізілде.**

Байқаудың басты мақсаты – орта, арнай және жоғары оқы орындарының стүденттерінің заманауи технологияларды қолдана отырып әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуіге, қоғам алдында тұрған нақты мәселелерді шешуі қуалы ретінде инфокөммүникасиялық ортаға деген қызығышылықты арттыруға бағытталған иновасиялық бастамаларын қолдау.

Байқау жобаның бас демеушисі – әлемдегі жетекші Huawei компаниясымен бірлесіп өткізіледі.

Байқау ұш кезеңнен тұрады  
1 кезең – 5-15 қараша аралығында өтінімдерді қабылдау. Конкүрсқа қатысышы келетіндер <http://forms.gle/aP4PQaFSV686aQGc6> сілтемесі бойынша усунылған жобаның сипаттамасымен өтінімді толтырып, жіберуі керек.

2 кезең – 16-22 қараша аралығында жобаның беіне презентасия өтеді. Арнай комиссия тіркелген тізімнен ең өзекті және иновасиялық идеяларды таңдады. 2 кезеңге өткен қатысышылар өтініште көрсетілген электрондық пошта мекен-жай немесе телефон нөмірі тйралы хабарлама алады. Қатысышылар өз жобалары тйралы идея мен күтілетін нәтижені егжей-тегжейлі көрсететін беіне презентасия жазуы керек.

3 кезең – 23-26 қараша аралығында қорытындылау өтеді.

Беіне материал негізінде байқау комиссиясы 10 финалисті таңдады. Олар 26 қарашада өтетін ZOOM платформасындағы байқаудың қорытынды отырысында егжей-тегжейлі презентасия дайындап, усуняды және қазылар алқасының мүшелерін өз жобаларының өзектілігіне сендіре алылары керек.


Барлық 10 финалисте Huawei-ден естелік сыйлықтар, ал жеңімпаздарға өз жобаларын іске асыруға grant беріледі (1 орын – 1 миллион теңге, 2 және 3 орындар – 500 мың теңге).

ҚазҰҰ-дың Huawei компаниясымен бірлесіп ұймдастырылған конкүрсы – бул сіздің идеяңызды усунуға, grant іегері болуға және оны жүзеге асыру үшін тәжірибелі мамандардың қолдауына іе болудың тамаша мүмкіндігі!



## «ЕКІНШІ ҰСТАЗДЫҢ» ОРАЛУЫ

Джордж Вашингтон атындағы Америка университеті жанындағы Абайдың виртуалды орталығының алаңында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өкілдерінің қатысуымен Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150-жылдық мерейтойына арналған онлайн-дөңгелек үстел өтті. Кездесу барысында философ мұрасының маңызы мен оның әдебиеттегі бейнесі талқыланды.



Іс-шараға Қазақстанның АҚШ-тағы Елшісі Ержан Қазыханов, «Ұстаздың оралуы» кітабының авторы Әнуар Әлімжановтың ұлы, қазақстандық журналист Асқар Әлімжанов, Джордж Вашингтон университетінің профессоры Питер Роллберг, АҚШ Смитсон институтының тарих ғылымдарының докторы Пол Тейлор, әл-Фараби орталығының директоры Бекжан Мейірбаев, сондай-ақ ҚазҰУ профессоры Әлия Масалимова қатысты.

Белгілі советтік кеңесінің жазушысы, Дж.Неру атындағы халықаралық сыйлығының лауреаты және Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері Әнуар Әлімжанов «Ұстаздың оралуы» романын жазды. Онда орта ғасырдағы Орта Азия және Таяу Шығыс қалаларында болған оқиғалар баяндалған. Мұнда терең ақыл-ойы мен терең білімі үшін екінші ұстаз (Аристотельден кейін) деп аталып кеткен бас кейіпкер Әбу Насыр Әл-Фараби өзінің трактаттары мен еңбектерін жазды. Өз

кейіпкерінің ойларына сүйене отырып, оның көңіл-күйінің нәзік реңктерін жеткізе отырып, жазушы көрнекті ағартушы ғалымның әсерлі бейнесін жасады.

Іс-шара барысында Әнуар Әлімжановтың Нью-Йорк қаласындағы «Liberty Publishing House» баспа үйімен бірге алғаш рет ағылшын тіліне аударылған «Ұстаздың оралуы» кітабы таныстырылды.

Дөңгелек үстелге қатысушылар бірауыздан атап өткеніндей, ұлы адамдардың шығармашылығы олар өмір сүрген дәуір бейнеленеді. Алайда, Әбу Насыр әл-Фараби өз заманының «бет-бейнесі» ғана емес, адамзаттың кемелдікке деген шексіз ұмтылысын білдіреді. Ол көтерген мәселелер қазіргі заман үшін де барынша өзекті болып қалып отыр, ал оларды шешу адамның Шығыс пен Батыс арасындағы диалог идеалдарына барған сайын жақындауына ықпал ететін болады.

Өз тілшімізден

Впервые в Казахстане Академия инфокоммуникационных технологий «Huawei» действующая при КазНУ аль-Фараби проводит совместно с «Huawei ICT Solutions Kazakhstan» конкурс, направленный на поддержку молодых талантов и будущих лидеров IT отрасли.

## IT КОНКУРС HUAWEI ICT-2020

Главная цель конкурса – поддержка инновационных инициатив учащихся средних, специальных и высших учебных заведений, направленных на решение социально значимых проблем с помощью современных технологий, повышение интереса к инфокоммуникационной среде, как инструмента решения реальных задач, стоящих перед обществом.

Конкурс проводится совместно с ведущей мировой компанией «Huawei» являющейся генеральным спонсором проекта.

Конкурс проводится в 3 этапа  
1 этап – прием заявок с 5 по 15 ноября. Желающим принять участие в конкурсе необходимо заполнить и отправить заявку с описанием предлагаемого проекта по ссылке: <http://forms.gle/aP4PQaFSV686aQGc6>

2 этап – видео презентация проекта пройдет с 16 по 22 ноября. Специальная комиссия отбирает из зарегистрированного списка наиболее актуальные и инновационные идеи. Участники, прошедшие на 2 этап получают оповещение на электронный адрес или номер телефона, указанных

в заявке. Участники должны записать видеопрезентацию о своем проекте с подробным описанием идеи и ожидаемого результата.

3 этап – подведение итогов состоится с 23 по 26 ноября.

На основе видео материала конкурсная комиссия отберет 10 финалистов. Им необходимо подготовить и представить подробную презентацию на заключительном ZOOM собрании 26 ноября, и убедить членов жюри, почему именно их идея должна быть реализована.

Все 10 финалистов получают памятные призы от компании «Huawei», а призерам грант на реализацию собственных проектов (1 место – 1 млн. тенге, 2 и 3 места – 500 тыс. тенге).

Конкурс организованный КазНУ совместно с «Huawei» прекрасный шанс представить свою идею и стать обладателем гранта и получить поддержку опытных специалистов для ее претворения в жизнь!

Следи за ходом конкурса на:

@kaznu\_farabi,  
@haina\_kaznu и @huaweikazakhstan.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспа ісі және электронды БАҚ кафедрасы, Жаһандық медиа және ақпараттық сауаттылық апталығы аясында (MIL), Алматыдағы ЮНЕСКО-ның кластерлік бюросы өкілдерінің қатысуымен «Дезинфекцияға қарсы іс-қимыл: БАҚ және барлығына арналған ақпараттық сауаттылық» шарасын өткізді.

Оқытушылардың біліктілігін арттыру курстарын онлайн өткізу идеясын қолға алған п.ғ.д., профессор, Баспа және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі Гүлмира Сұлтанбаева. Бұл Орталық Азия аймағындағы әріптестерімен өткен алғашқы кездесу емес. Барлығына таныс, қысқы мектеп, жазғы мектеп - кафедра көптеген бағыттармен және мектеп оқытушылары мен университет оқытушыларын әртүрлі білім беру форматына тарту формаларымен танымал.

## ПЕДАГОГТАРҒА АРНАЛҒАН МЕДИА САУАТТЫЛЫҚ

Кафедра меңгерушісі Гүлмира Сұлтанбаева жиында тақырыптың сабақтастығын және кафедраның білім беру жобаларына республиканың түкпір-түкпірінен оқытушылардың көбірек қатысуын атап өтті.

Курс барысында оқытушылар медиа және ақпараттық сауаттылық негіздерін үйренді, сонымен қатар көптеген медиа құралдарын және ақпараттық сауаттылықты қолдануды игерді.

Интернеттегі сабақтар мен қашықтықтағы семинарлардың бұл түрі өте маңызды, біз көп жаңа дүниені игердік, жұмыс тәжірибесімен алмастық, баспа және электронды БАҚ кафедрасының аға оқытушысы Санат Сейдаханов сабақтарды өте шебер жүргізді, - деп атап өтті курсты аяқтаған доцент Алма Құрманбаева.

Курс соңында практикалық жұмыстар талқыға түсіп, қатысушыларға сертификаттар табыс етілді.

Журналистика факультеті

Кафедра «Бизнес-технологии» ВШЭБ совместно с ОЮЛ «Центрально-Азиатская рекламная ассоциация» провели тренинг для студентов на тему «Интернет-реклама»



**«Әлемнің екінші ұстазы» атанған түркі жұртының бас ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығын Юнеско көлемінде атап өту еліміздің тұңғыш Президенті – Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясындағы маңызды іс-шаралардың бірі болмақ.**

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Уэлағ ибн Тархан әл-Фараби ат-Түркі – ұлы ғалым, энциклопедист, Аристотельден кейінгі Екінші ұстаз атанған ірі тұлға. Әл-Фараби 870 жылы Ұлы Жібек жолының маңызды орталықтарының бірі болған Отырар қаласының маңында дүниеге келген. Ол сол дәуірдегі өркениет пен мәдениеттің ірі орталықтары саналған Бұхара, Самарқан, Мерв, Бағдат, Харран, Рей, Каир, Алеппо, Шам қалаларындағы ірі медреселер мен білім беру орындарында ілім жинап, жалпы дүниелік білімін, әлем, жаратылыс туралы танымын үнемі жетілдіріп отырды. Әл-Фарабидің ғылыми қызметі ортағасырлық араб-мұсылман мәдениетінің гүлдену дәуіріне, яғни біздің дәуіріміздің X ғасырдағы – Мұсылман Ренессансына сәйкес келеді. Қыпшақ даласы мен Орта Азия үшін X-XII ғасырлар қоғамдық-әлеуметтік жетілу жағынан, саяси кемелдену тұрғысынан дамудың жаңа басқышы болып табылды. Аталған дәуірде түркі тілдес халықтардың мәдениеті, әдебиеті, ғылымы мейлінше байып, гүлдене түсті. Әсіресе, түркі әдеби тілі жан-жақты дамып жетілді. Мұның өзі түркі халықтарының, соның ішінде қазақ, өзбек, ұйғыр, қырғыз, т.б. халықтардың этностық құрамының қалыптаса бастауы мен олардың әлеуметтік-қоғамдық өміріндегі рөлінің біртіндеп артуына байланысты болды.

Ғұламаның ғаламдық өркениеттегі маңызына тоқталмас бұрын жекелеген зерттеушілердің «Әл-Фараби ешқандай жаңалық ашқан жоқ, ол тек Платон мен Аристотельдің мұраларын насихаттап, түсіндіріп келді» деген пікіріне тоқтала кетейік. Осындай ойдағы ғалымдар пікіріне фарабитанушы Ә. Машанидің берген бағасы өте құнды әрі өзекті. Ғалымның айтуынша, антикалық ойшылдар Платон мен Аристотель – әлемдік ой-сана ғылымының ең жоғарғы деңгейін танытушылар болса, әл-Фараби осы мұраны толығымен игеріп, оны араб-мұсылман әлеміне танытып, екінші

# ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР ТАҒЫЛЫМЫ ЖАСТАР САНАСЫНДА



өмір беріп, Аристотель идеяларының гүлденуіне ықпал еткен екі жаңалықтың жаршысы болды. Біріншіден – әл-Фараби антикалық заман мен исламды өзара жақындастыратын синтез жасады, тың мәдениеттің негізін қалады. Екіншіден, ғалым грек ойшылдарының пәлсапасына жаңаша сипат берді. Осылайша, шығыстық мәдениетте үлкен жаңа бағыт, жаңа ой толқындары төбе көрсете бастады. Араб-мұсылман мәдениетін негізгі база етіп ала отырып, антикалық дәуірдегі түйінді мәселелерді шешіп, тың ойларды ілгері дамытты.

Абай энциклопедиясы, Әбу Насыр әл-Фараби. «Қайырымды қала» атты дереккөздерде мынадай мәліметтер кездеседі. Ойшылдарға өте бай болған Отырар жері Фараби кезінде де ғұламаларға кеңде болмады. Жастайынан білім алып, Отырар кітапханасында отырып, шаң басқан қолжазбаларды ақтарып, талмай кітап оқып, оқу-білімге ерте құмартты. Отырар кітапханасына алыс-жақын елдерден керуенмен сан түрлі кітаптар ағылып келіп жататын. Әл-Фараби өмір сүрген ғасырларда Отырар өркениетінде рухани мұра аса жоғары бағаланды. Араб әлеміндегі Александрия кітапханасынани кейінгі шоқтығы биігі - Отырар кітапханасы еді. Фараби сол кітаптар үйінен жиырма жасқа дейін тәлім-тәрбие алды, кітаптар мен трактаттарды оқып

зерделеді. Алайда білімін толықтыру үшін бірде керуенге ілесіп, араб еліне аттануға шешім қабылдайды. Бағдат, Дамаск сынды өркениеті дамыған ірі шаһарларда болып, ірі ғылыми-зерттеу еңбектерін қалдырды. Фарабидің дүниетанымы туралы сөз болғанда кеңестік философия ойшылды маркстік-лениндік, атеистік дүниетанымға жақындатуға тырысады. Шынтуайтында, Фараби ислам руханиятындағы айтулы тұлға еді. Фараби пәлсапасы тым күрделі хәм терең еді. Онда диалектика, таным, рационализм жарыса келіп отырды. Әл-Фарабидің мұрасы ғылымның әр түрлі саласына қатысты еңбектерден тұрады. Әл-Фарабидің рухани толысуына Құранның игі әсері көп болды. Фарабиге әсер еткен құндылықтардың қайнар көздері туралы айтқанда тек гректің ғана емес, оның түркілік топырақтан түлеп ұшып, Отырар өркениетінен нәр алғанын ұмытпауымыз керек. Ғалым сексен жасқа келіп өмірден озады. Фарабидің «Мен Қыпшақ елінен ешқандай атақ-даңқ іздеп келген жоқпын. Мен білім іздеп келдім, сол білімді араб елінен таптым, бірақ менің Қыпшақ еліне сүйіспеншілігім шексіз» деген ой айтылатын өлең жолдарында туған жерге деген ерекше сүйіспеншілік жатыр.

Әл-Фараби мұрасы түркі халықтарын біріктіретін рухани негіз деп айтуға болады. Орта ғасырда энциклопедист оқымысты әл-Фарабидің танымдық

деңгейін қамтыған ғалым кемде-кем болды деуге негіз бар.

Ғылымда 1980 жылдардан бастап фарабитану атты жаңа бағыт пайда болды. Фарабитануды айтқанда әлемдік фарабитанушылар мен отандық фарабитанушылардың шекарасын ашып алған ләзім. Әл-Фараби шетелге емес, тәуелсіз еліміздің мемлекеттік мүддесі мен ұлттық ұстанымы үшін қызмет етуі керек. Әл-Фарабидің мұрасы, әл-Фараби әлемі туралы ашылмаған сыр ұлан ғайыр десек те болады. Фараби әлемі талай ғылыми еңбек пен терең зерделеуді күтіп жатқаны аян. Ол – әлем халықтарын біріктіретін тұлға. Әл-Фараби тұлғасын абырой тұтатын ірі мемлекеттер – Түркия, Иран, Қазақстан, Мысыр, Сирия және басқа да мұсылман елдері өздерінің ғылыми даму жолын ғұлама есімімен байланыстыра қарап келеді. Фарабидің көзқарасында саясат, дін және бақыттың өзара терең қатынасы көрсетілген. Бүгінде әлем ислам және Батыс өркениетінің текетіресі қаупінің алдында тұрғанда, ислам мәдениетімен астасатын экстремистік және лаңкестік көңіл-күй үдеп келе жатқан кезде, ұлы философтың мұрасы адамзаттың түрлі түйткілдерін шешуге көмек бере алады.

«Біз үшін бұл мерейтойлардың маңызы ерекше. Тарихи датаны ақыл-парасатпен, салиқалы деңгейде өткізуге баса мән беру керек. Негізгі мақсат – ұлы тұлғалардың тағылымын жастардың санасына сіңіру, ұлы тұлғаның ой-толғамдарын кеңінен дәріптеу. Үкіметке қажетті шаралар әзірлеуді тапсырамын» деген мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзі де ғұламаның тек ғылым үшін ғана емес, жалпы бүтін бір мемлекет үшін де, жалпы адамзат қауымы үшін да аса құнды тұлға болғандығын айғақтайды.

**С. БЕКТЕМІРОВА,**  
жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының ф.ғ.к. доценті

**Е. КАКИМЖАНОВ,**  
картография және геоинформатика кафедрасының PhD докторы

**Жуырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих, археология және этнология факультетінде Ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойының құрметіне арналған «Абай және иман» атты тақырыпта тәрбиелік іс-шара өтті.**

## АБАЙ ЖӘНЕ ИМАН

экстремизмнің, радикализмнің ушығып отыруы жағдайында, біз исламды қалай түсінуіміз керек, оның шынай мәні неде, ислам бізге не береді, біз оны қалай пайдалануымыз керек деген мәселелерді қайта қарап, жаңаша түсіну қажеттігі туып отыр. Ал бұл мәселені шешуде бізге хакім Абай көмекке келеді.

Абайдың заманында ислам тарихындағы белгілі бір дағдарысты кезеңімен тұспа-тұс келген болатын. Дүмше молдалық, исламды үстірт, біржақты түсіну, тақлид, яғни молдалардың соңынан көзсіз еру, М. Әуезовтың сөзімен айтқанда, «діндік соқыр наным – предрассудок» орын алған болатын. Абайдың қара сөздерінде осы соқыр сеніммен күрес, исламды ұстанудың сыртқы формалары емес, ең бастысы – оның адам рухын тәрбиелеу

құралы екендігіне халықтың назарын аудару ең басты маңызға ие болды. Абай исламды иман деп түсінген атақты түркі ғұламалары – әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Яссауи салып кеткен сара жолды ары қарай жалғастырушы болды. Абайдың түсінігінде исламның өзегі – иман, яғни адамның таза, кіршіксіз жүрегін, рухын қалыптастыру болып табылады, ал иманды тәрбиелеуде Абай ең басты қажетті шарт ретінде – Құранда көрініс тапқан Алланың сипаттары, яғни ақыл-парасат, ғылым-білім, әділдік, мейірім, рахым, шапағат және бұлардың бәрінің негізінде жатқан махаббат сезімі екендігін нақты көрсетеді. Абай өзінің қара сөздерінде адамдарды Алланың осы сипаттарына ұқсас қасиеттерді өз бойында қалыптастыруға шақырады.

Тәрбиелік шара Абайдың иман мәселесіне байланысты осы көзқарастарын жастардың арасында насихаттау мақсатымен ұйымдастырылды. Шараны «Педагогикалық тарих» мамандығының 4 курс студенттері ұйымдастырды. Иман мәселесі негізінен Абайдың терең философиялық ой-толғауларының қвитэссенциясы болып табылатын – атақты қара сөздерінде қарастырылғанын бәріміз жақсы білеміз. Сондықтан топ студенттері осы қара сөздерді оқып, оған терең бойлауға, иманды Абайша түсінуге тырысты және сол түсініктерімен шараға жиналған студенттер және ұстаздар қауымымен бөлісті.

**Е. ҚАРТАБАЕВА,**  
дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының доценті,  
**А. АБДУҒАЛИ,**  
тарих, археология және этнология факультетінің 4 курс студенті

**«Заманауи халықаралық қатынастардағы Қазақстан: тәуелсіздік тұғыры астында» халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференциясы өтеді**



**Тарих парақтарын ақтарсақ, қазақ халқында мақтан тұтар батырларымыз көп болмаса, аз емес. Аты аңызға айналған батырды еске алу әрқашан ерекше сезімге бөлеп, қазақ халқында сондай тұлғалардың бар екендігі тұла бойымызға мақтаныш сезімін оятады. Солардың арасында 15 қарашада Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллин 105 жасқа толып отыр. Батыр атамыздың мұндай жасын атап өту біз үшін үлкен құрмет.**

## ҚАЗАҚ БАТЫРЫ 105 ЖАСҚА ТОЛДЫ



қаза тапқан пулеметші Мәншүк Мәметоваға Кеңес Одағының батыры деген атақты алып беру үшін барын салған. Мәншүктің қазасын ести сала Невель қаласына келеді. «Мәншүкке не жасап жатырсыңдар?» – деп жерлеп жатқан әскерге сұрақ қояды. Мәншүкті екінші дәрежелі Отан соғысы орденіне ұсынғандарын айтады. Мәлік Ғабдуллин бұл сөздерді естігеннен кейін қатты ашуланады да: «Алматы мен Мәскеудің арасы мейлі, 4 мың-ақ шақырым болсын. Қазақтың жиырмаға жаңа толған қызы алыстан Отанымды, Мәскеуді қорғаймын деп келіп, қолына орыстың винтовкасын алып, соғысамын деуінің өзі ерлік емес пе? Дереву құжаттарын қайта дайындаңдар. Комсомолдың Орталық комитетінің бірінші хатшысы Михайловқа, болмаса маған Батыр атағын берген Калининнің өзіне барамын. Тіпті Ворошиловқа кірем. Одан түк шықпаса, менің Мәлік атым құрып кетсін, өзімнің жұлдызымды берем» – деп қайтадан дайындалған құжаттарды алып кетеді. Осы оқиғадан кейін, 1944 жылы 1 наурызда Мәншүк Мәметоваға Кеңес Одағының батыры атағы беріледі.



1944 жылға қарай майор М.Ғабдуллин 1-Прибалтика майданындағы саяси басқармасының үгітшісі қызметін атқарды. Беларуссияны, Балтық жағалауын азат етуге, Шығыс Пруссиядағы шайқастарға қатысты. Белсенді ұрысқа кіріскен бөлімшелерде болып, ол көптеген үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді, әсіресе орыс емес ұлттың жауынгерлері арасында оларды жауынгерлік тапсырмаларды орындауға жұмылдырды.

1946 жылы подполковник шенімен М.Ғабдуллин әскерден босатылып, сұрапыл соғыс майданынан оралғаннан кейін республиканың ғылыми-педагогикалық мекемелерінде қызмет атқарды. Шығармалары жеке жинақ болып, соғыстан кейін жарияланды. «Менің майдандас достарым» (1947), «Алтын жұлдыз» (1948), «Майдан очерктері» (1949), «Сұрапыл жылдар» (1971) атты кітаптарына енген әңгіме, очерктерінде М.Ғабдуллин майдан өмірін суреттеп, жауынгер тұлғасын, сол кездегі адамдардың Ұлы Отан соғысы кезіндегі қаһармандық бейнесін суреттеді.

Педагог-жазушы ретінде ол жас

сенімін арттыру, жас баланы дұрыс сөйлеуге үйрету жөнінде ата-аналарға педагогтық кеңес берді.

М.Ғабдуллиннің бүкіл өмірі, көптеген еңбектері қазіргі жастарға адамгершілік-патриоттық тәрбие берудің баға жетпес қайнар көзі болып табылады. Оның шығармашылық мұрасының маңыздылығын бағаламай өту қиын. М.Ғабдуллиннің ата-бабаларының рухани мұрасын зерттеген кезде, өзінің туған халқының игілігі үшін жанқиярлықпен қызмет еткен соғыс және бейбітшілік кезеңдеріндегі өмірі туралы мәліметтер ұрпақтан ұрпаққа берілуі тиіс. Сондықтан аты аңызға айналған адамның 2015 жылы 100 жылдығына орай Мәлік Ғабдуллиннің ғылыми еңбектері мен эпистолярлық мұрасының 11 томдық басылымы жарық көріп, ғылыми еңбектеріне екінші өмір сыйлады. Көптеген шығармалар, очерктер мен мақалалар Мәлік Ғабдуллиннің өзіне арналған.

Соғыстан кейін ғылыми жұмысына қайта оралған батыр, кандидаттық, содан кейін докторлық диссертациясын қорғады. Ресей

**«Менің бүкіл өмірім, менің қаным мен қуатым адамдарға тиесілі. Жүрегім кеудемде соғып тұрғанда, тамырымда қан ағып жатқанда, мен Отан үшін, өзім ұл болған қазақ халқының бақыты үшін күресемін», – деп жазды батыр ғалым өз еңбектерінің бірінде.**

ұрпақтың тәрбиесіне де ерекше көңіл бөлді. «Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес» (1966) деген кітабында М.Ғабдуллин бесік жырынан бастап, батырлар жырына дейінгі халық поэзиясының тәрбиелік мәнін ашып, оны іс жүзінде пайдаланудың тәсілдерін көрсетті. Сонымен бірге балаларды патриотизмге, шыншылдыққа тәрбиелеу, олардың болашаққа

Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі болды. КСРО Жоғарғы Кеңесінің 2-4 шақырылымдарының депутаты болып сайланды. 1951-1963 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының ректоры болып жұмыс істеді. Қазақ КСР Ғылым академиясының «Әдебиет және өнер» институтының бөлімін басқарды және бірқатар жемісті ғылыми жұмыстар жүргізді. Ол көптеген ғылыми кеңестердің мүшесі, тәлімгер, жас ғалымдардың үлкен ақылшысы, әскери-тарихи білімді насихаттаушы, Қазақстанның танымал гвардиясы мен ғылымының ардагері болды.

Соғыстың ғана емес, білім мен ғылымның да майданында ерінбей тер төккен, халқы үшін аянбай қызмет атқарған ардагер атамыздан алар сабағымыз көп болып, аруағына тағзым ету қашанда парызымыз деп санаймыз.

**Болат САЙЛАН,**  
ҚазҰУ профессоры, т.ғ.д.,  
Ауған соғысының ардагері

**В Алматы 23 ноября состоится церемония награждения победителей VIII республиканского форума молодежи «МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!»**



Совместный образовательный проект Технопарка КазНУ и Детского фонда ООН (ЮНИСЕФ) увенчался успехом - участницы образовательной программы UniSat покорили ближний космос, запустив разработанный ими же наноспутник в верхние слои атмосферы.

## ПОКОРЯЕМ БЛИЖНИЙ КОСМОС



В рамках совместной образовательной программы 20 девушек в возрасте от 14 до 35 лет из различных регионов Казахстана в течение восьми месяцев обучались на курсах по созданию наноспутников на базе Технопарка КазНУ.

Девушки прошли все этапы разработки и создания наноспутников, начиная с планирования проекта, 3D моделирования корпуса и различных подсистем, программирования бортового спутника и заканчивая запуском наноспутника в верхние слои атмосферы.

Это своего рода уникальный проект, инициированный ЮНИСЕФ для развития науки и инновации среди девушек, и он показал, что девушки отлично справились с поставленными перед ними сложными задачами.


«Сегодня в КазНУ создана научная школа по разработке малых космических аппаратов под руководством ректора Г. Мутанова. Имеется кафедра космической техники и технологий, на базе которой готовятся сильные кадры для космической отрасли Казахстана. Проект UniSat для нас был серьезным вызовом. Во-первых, в нем участвуют только девушки, во вторых, за короткое время необходимо было создать работающую модель настоящего

наноспутника UniSat, готового к запуску в стратосферу», – отметил координатор проекта, директор Технопарка КазНУ Амирхан Темирбаев.

Наноспутники являются отличным инструментом для исследования и освоения космоса. К их преимуществу также относятся малые размеры, короткое время разработки, относительно низкие финансовые затраты на создание и самое главное – вовлечение широкого круга студентов на всех этапах разработки космического аппарата. Благодаря таким преимуществам наноспутники стали очень популярны среди университетов, как образовательный инструмент, об этом свидетельствует экспоненциальный рост числа запусков с каждым годом.

По словам директора Технопарка КазНУ Амирхана Темирбаева, изучение наноспутников – это настоящее STEM-образование, включающее и науку (исследование космоса или же верхних слоев атмосферы), и самые передовые миниатюрные космические технологии стандарта CubeSat, и инженерию (моделирование и разработку корпуса), и математику (сложные алгоритмы и программы).

**Соб. корр.**



## Қарыштай бер, ҚазҰУ!

Әлемнің екінші ұстазы саналын ұлы ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстан Республикасындағы алдыңғы қатардағы жетекші жоғарғы оқу орындарының бірі саналады.

Жаңа технологиялардың дамыған заманында университеттің ұлттық жүйедегі білім беру мен әлемдік класстағы ғылыми-зерттеулермен айналысатын, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлайтын болуы қажет. Осы айтылған модельге сай келетін жоғарғы оқу орындарының бірі де – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

Биыл университетімізге 86 жыл толып отыр. Оның тамыры тереңге жайылған аса бай тарихи еліміздегі білімнің дамуы және қалыптасуымен тағыз байланысты. Қазақ Ұлттық Университетін республикамыздың барлық жоғары білім беру жүйесінің тірегі және білікті мамандар ордасы деп атауға болады. Себебі, университеттің мыңдаған түлектері әр түрлі салалар бойынша табысты қызмет атқаруда. Солардың қатарында Олжас Сүлейменов, Жүрсін Ерман, Дулат Исабеков, Мұхтар Мағауин, Әбіш Кекілбаев, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырза Әлі және т.б. секілді өздерінің ерен еңбектерімен танылған ел даналары білім алған.

Іргесі 1934 жылы қаланған Қазақ ұлттық университеті әлемдік білім беру жүйесінде өз деңгейін қалыптастырып, күн өткен сайын жақсартып келеді. Университеттің құрамында 16 факультет, 67 кафедра, 32 ғылыми-зерттеу институты мен орталықтар, технопарк қызмет атқарады: 2000-нан астам профессорлар, доктор, ғылым кандидаттары мен философия докторлары, 100-ден астам академиялардың академиктері, 40-тан аса Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткерлері, 40-қа жуық Қазақстан Республикасының мемлекеттік және атаулы сыйлығының лауреаттары, сондай-ақ 40 жас ғалымдар сыйлығының лауреаттары мен 47 мемлекеттік ғылыми стипендиялардың стипендианттары еңбек етеді. Университетте кәсіби білім беру көпсатылы жүйесі бойынша 25 мыңнан астам білімгер мен магистрант білім алады. 418 әлемнің ең үздік халықаралық жоғарғы оқу орындарымен білімгерлермен алмасу, заманауи халықаралық білім бағдарламаларын жүзеге асыру және тәжірибе жүргізу мақсатында ынтымақтастық орнатылған.

Университетте оқытудың кредиттік жүйесі енгізілген және оқу үдерісі Болон реформасына сәйкес жүргізіледі. Сонымен қатар «бакалавр – магистр – PhD» түріндегі үш сатылы мамандар даярлау жүйесі қалыптасқан. Мемлекеттік білім беру гранттары және келісімдер негізінде Қазақ ұлттық университеті жыл сайын мыңдаған студенттерді қабылдайды. Оқу ордасын әр жылы 180-нен астам мамандық бойынша түлектер бітіріп шығады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың берген бағытына сәйкес, 2012–2013 оқу жылында білім беру жүйесінде инновациялық серпіліс жасалынған болатын. Жаңа жүйе бойынша білімді бұрынғыдай механикалық түрде емес, тәлім алушы өзіне қажетті ақпараттық ресурстарды өз бетінше іздеп, пайдалана алатын және өз ойын ашық түрде білдіретін бәсекеге қабілетті маман қалыптастыру болып келеді.

Осындай жаңа оқу жоспарын қалыптастыру кезінде әлемнің ең үздік жоғарғы оқу орындарында қолданылатын білім беру жүйесіне және білім берудегі ортақ стандарттарға толықтай талдау жүргізілген болатын. Соған сәйкес білім беру жүйесіндегі оқу жоспарының жаңа жобасы әзірленіп, бүгінде қолданылып жүр. Оны жобалау кезінде жұмыс берушілердің бірқатар талаптары да ескерілген болатын. Бұл оқу жоспары бойынша кредит мөлшерінің 90%-ға жуығы кәсіби пәндер блогына арналған. Сонымен қатар кәсіби дайындықты нығайту мақсатында элективті пәндер каталогы жасалған. Оларды студенттердің таңдау құқығы бар. Элективті пәндер қазіргі заманғы еңбек нарығының талаптары мен ғылыми үрдістерге негізделіп жасалған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті біршама ғылыми-зерттеу институттарымен келісімшарттарға қол қойған. Бұл ғылым мен білімді ұштастыра жүргізу шараларын іске асыру мақсатында жасалған болатын. Магистранттар мен докторанттарды және оқытушы-профессорлар құрамын жұмылдыра отырып, зерттеу жүргізу бағыттары мен оны іске асыру бағдарламалары әзірленді. Университет құрамындағы әр факультет пен кафедралардың және оқытушылардың жұмыс жоспарлары дайындалып, олардың орындалуы қатаң бақылауға алынған. Осындай бірқатар жұмыстарды атқару Қазақ ұлттық университетінің классикалық үлгідегі оқу орнынан жаңа үлгідегі ұлттық зерттеу университетіне айналдырып, әлемдік топ-жоғарғы оқу орындарының орташа тобына енудің алғашқы қадамы болды. Бұл жасалған қадам сәтсіз болмады. Өйткені бүгінде әлемдік жоғарғы оқу орындарының халықаралық рейтингі бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті өзіне тиісті орнын алып отыр және бұл көрсеткіш жылдан жылға жақсарып келеді.

Америкалық академик Бенджамин Франклин «Ғылым мен білім үйлескенде ғана қуатты да әлеуетті күшке айналады» деген болатын. Бұл тура тауып айтылған сөздер. Өйткені ғылымы мен білімі дамыған зерттеу университеті уақыты келгенде технологиялық база ретінде ел бюджетіне құятын қаржылық ағынның көзі саналады. Мұны экономикасы жағынан өте жақсы дамыған алдыңғы қатарлы елдерден байқауға болады. Оның негізі сапалы білім беру жүйесі мен жан-жақты қамтылған мамандарды даярлауда жатыр.

Бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басты мақсаты әлемнің ең үздік 200 жоғарғы оқу орындарының қатарына ену және мемлекетіміздің әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіруіне аз да өз үлесін қосып жатқанын мақтанышпен айтқымыз келеді. Қарыштай бер, ҚазҰУ!

**М. АСЕМБАЕВА,**  
доцент

**А. НҮРМҰХАНОВА,**  
жылуфизика және техникалық физика кафедрасының аға оқытушысы



# ТАСАСТАУ - ҚАЙНАР ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫ

**Археология, этнология және музееология кафедрасының «Тасастау-Қайнар этнографиялық экспедициясы - 2020» Ақтөбе, Шұбарқұдық, Қайнар, Тасастау, Қобда бағыттары бойынша жұмыс жасады.**

Экспедиция өз жұмысын Ақтөбе облысы «Досжан Ишан Ата қорым-мешітінен» бастады. Экспедиция жұмысына кафедра профессорлары Аманжол Қалыш және Тәттігүл Картаева жетекшілік етті. Досжан Ишан Ата қорым-мешіті Темір ауданы, Шұбарқұдық кентінің оңтүстік-шығыс шетінен оңтүстік-батысқа қарай 2 шақырым 700 метр жерде орналасқан. Ескерткіш Ақтөбе облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне «қала құрылысы және сәулет» санаты бойынша «Досжан Ишан Ата қорым мешіті» атауымен енген,

үй, қонақ жайы болған. Қазіргі таңда осы құрылыстардың барлығы құлап еден, қабырғаларының бөліктері қалған. Мешіт – медресе және аталған тұрғын жай құрылыстары жергілікті топырақтан иленген шикі кірпіштен тұрғызылған. Құрылыс халық сәулетшісі Бірман ұстаның шебер қолынан шыққан.

Экспедиция мүшелері Досжан Ишан мешіт - медресесінің бұзылудан қалған бөлігін консервациялау жұмысымен және Досжан Қашақұлының қабірі үстінен тұрғызылып жатырған кесене құрылысымен танысты. Ескерткіштің қазіргі жай күйін, бұзылу қаупін



*Досжан Хазіреттің Қайнардағы мешітінің құдығының жалты көрінісі*

атауымен «кешен» санаты бойынша Атырау облысының Жылой ауданы жергілікті маңызы бар ескерткіштер тізіміне бойынша енген. Ескерткіш Құлсары қаласынан оңтүстік шығысқа қарай 196,4 км жерде орналасқан. Қайнар діни-тұрмыстық кешенінде сақталған қыстаулық тұрғын үйлердің құрылысын зерттеу арқылы, байырғы дәстүрлі қыстық баспананың аймақтық түріне реконструкция жасалды. Кешен қорымындағы жерлеу ескерткіштерін қамтитын бестас, төртқұлақ, құлпытас, қойтас түрлері зерттелді. Құлпытасар мен қойтастарда қашалған бейнелердің мән мағынасын анықтау арқылы қазақ халқының дәстүрлі танымдары зерттелді.

Мешіт құдығы солтүстік шығысындағы ылдидан қазылып, ұлу таспен шегенделген. Қайнар мешіт құрылысы салынбастан бұрын мерзімдік қоныс болған. Бұл жердегі тұрғын үйлер мен құдық мешіттен бұрын тұрғызылған.

Экспедицияның келесі зерттеу жұмысы Үстірттің оңтүстігінде Атырау облысы, Жылыой ауданы аумағында орналасқан Тасастау сайы ескерткіштерінде жалғасты.

Тасастау сайы, байырғы көш жолының бойында орналасқан. Тасастау да Атырау облысының жергілікті маңызы бар ескерткіштер санатына енгізілген, бұл жерде ерте темір дәуіріне саятын қорған, ғибадатхана, белгі беретін мұнара сақталған. Бұл екі ескерткіште Тасастаудың ертеден қоныс болғанын дәлелдейді. Ескерткіштер Ақкиізтоғай ауылынан оңтүстік шығысқа қарай 170-171 км жерде орналасқан. Тасастау сайында қатарынан қазылған арасы 30 – 50 метрден болатын шеген құдықтар астауымен сақталған. Жердің Тасастау аталуының өзі таспен шегенделген құдық пен тастан ойылған астау атымен байланысты.

Экспедиция мүшелері Қайнар, Тасастаудың этнографиялық ескерткіштерінің бүгінгі күнгі сақталу деңгейін анықтап, фототіркеуге алып, ғылыми атрибуциясын жасады.

**Тәттігүл КАРТАЕВА,**

*археология, этнология және музееология кафедрасының профессоры*



*Досжан Қашақұлының Шұбарқұдықтағы мешітінің ішкі қабырғасының сақталған бөлігі*

әрі Қазақстанның киелі ескерткіші болып саналады. Бұл Досжан Қашақұлы (1815-1890) салдырған екінші мешіт. Досжан Ишан Меккеге барып келген соң халық арасында Хазірет атанған. Шилісудағы мешіт - медресесінде шамамен 150 бала оқып білім алған. Мешіт жанында Досжан Ишанның үйі, балалар жатып оқитын «такие» типіндегі «хұжра» (қазақы ортада - құжра) деп аталған жатақханалар, ас

бақылады. Мешіттің шығысындағы Ишан Ата қорымындағы құлпытасарға қашап салынған ою өрнектер, таңбалар, белгілер зерттеу нысанына алынды.

Экспедиция мүшелері одан әрі Қайнар сайында салынған Досжан Қашақұлының мешіт құрылысымен танысты. Мешіт шашамен 1850 жылдары салынған.

Мешіт құдығымен бірге «Қайнар діни-тұрмыстық кешені XVIII - XX ғғ»



*Досжан Қашақұлы салдырған Қайнардағы мешіттің ішкі ұстыны*



*Тасастау шыңырауының ішкі шегені*

**ҚазҰУ-да «AVEVA химия-технологиялық үдерістерін инженерлік жобалау орталығының» ресми ашылуы болады**



**Стажировка в Санкт-Петербургском национальном исследовательском университете информационных технологий, механики и оптики по программе академической мобильности оставила очень яркие впечатления и обогатила нас знаниями по направлению «Аудит и сертификация качества».**

## АКАДЕМИЧЕСКАЯ МОБИЛЬНОСТЬ В ДЕЙСТВИИ



научных исследований, преобразования в академической среде и изучение культуры и традиций других стран. В связи с этим, магистранты 1 курса Физико-технического факультета, кафедры «Теплофизики и технической физики» были направлены в Санкт-Петербургский национальный исследовательский университет информационных технологий, механики и оптики, факультет технологического менеджмента и инноваций.

Коллективы кафедр ИТМО и КазНУ имени аль-Фараби вели активную совместную научно-исследовательскую работу. НИР кафедр заключается в исследовании различных направлений теории и практики. Руководителями исследований по каждому направлению являются ведущие профессора и доценты кафедр обоих университетов.

Благодаря данной стажировке, обучаясь в течение семестра, мы получили необходимые навыки и повысили уровень знаний по направлению «Аудит и сертификация качества», тем самым улучшив качество проводимых научных исследований, преобразований в академической среде, изучили культуру и традиций соседнего государства.

**Ж. КУБЕЕВА,  
М. МУХИДИНОВА,**

*магистранты  
физико-технического факультета*

Стимулирование академической мобильности студентов и преподавателей приводит к повышению качества образования и исследований за счет участия студентов и преподавателей в международном процессе обмена знаниями. Развитие академической мобильности и международного межвузовского сотрудничества позволяет организовывать совместные исследовательские проекты, обменные программы для студентов и преподавателей, специальные программы для иностранных студентов. Международное сотрудничество является мощным рычагом развития мировой системы высшего образования. Выравнивание подготовки специалистов в разных странах, укрепление международного сотрудничества и развитие

равноправного партнерства в сфере высшего образования, взаимообогащение через заимствование позитивного международного опыта, а также стимулирование академической мобильности, в том числе и с помощью финансирования из международных фондов – все это задачи, координация которых возложена на международные отделы вузов.

Одним из основных условий формирования высококлассных современных специалистов, конкурентоспособных на отечественном и международном рынке труда для обучающихся в КазНУ им. аль-Фараби является международная академическая мобильность. Целями академической мобильности КазНУ являются обучение, обмен опытом, улучшение качества

**Жуырда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінде «Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша студенттердің XII республикалық пәндік олимпиадасы MICROSOFT TEAMS платформасында онлайн форматында өтті.**

## «АБАДАН» АЛҒА ШЫҚТЫ



көрсетіп оқ бойы оза шапты Бұл сайыста әр команда студенттерінің сөйлеу мәнері, сөз саптауы мен шешендігі және нақты фактілерді қолдануы басты назарға алынды. Сайыс тартысты, әрі тартымды өтті, додаға түскен әрбір команда мүшелері жоғары деңгейдегі дайындықпен келгендігін байқатты.

Олимпиада қорытындысы бойынша 2-орынды әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінен «Абадан» командасы иеленді. Команда мүшелерін Қазақстан тарихы кафедрасының профессор оқытушылар ұжымы құттықтап, оқуда озат, алдағы уақытта осындай сайыс мәселерінен сүрінбей, интеллектуалдық ой-өрістерін арттыра берулеріне тілектес екендігін білдірді.

**Гүлнар ҚОЗҒАМБАЕВА,**  
*Қазақстан тарихы  
кафедрасының доценті, т.ғ.к.*

«Ақжайық жастары», «Шәкәрім тұлпарлары» және «Күлтегін» деген командалар қатысты. Олимпиада үш кезеңнен тұрды, әр кезеңде қатысушы командалар өздерінің

креативтілігімен көзге түсіп, әділ-қазылар алқасы бәсекеге толы жарыстың куәсі болды. Бір топ өзінің шығармашылық қабілетімен көзге түссе, енді бірі өзінің тарихи білімін

ЕҰУ Тарих факультетінің деканы т.ғ.д., проф Т.Садықов олимпиаданың ашылуы салтанатында сөйлеген сөзінде: «Өркениетті елдер қатарына жетудің басты белгісі экономиканың дамуы ғана емес, білімді, сауатты жас ұрпаққа да тікелей байланысты. Ал білімді де, білікті, интеллектуалды жас ұрпақты қалыптастыруда жоғары оқу орындары арасында осындай өз-ара додаға түсіп, біліммен күш сынасатын олимпиадалық жарыстардың өткізілуі орынды екендігін айта келе, олимпиадаға қатысушы 9 команда студенттеріне сәттілік пен ақжол тіледі.

Олимпиадаға республика бойынша 9 жоғары оқу орныдарынан: «Абадан», «Тарихым», «Бөкетов жастары», «Абай атындағы команда», «Парасат», «Ertis generation»,

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**Бас редактор:** Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ  
**Тілшілер:** Айнұр АҚЫНБАЕВА,  
Светлана ӨМІРҒАЛЕЕВА  
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
**Корректор:** Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағыла ШУРИЕВА

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.  
Таралымы 1000 дана

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.